23545865876

Ш Е Ш І М
Қазақстан Республикасы атынан

2026 жылғы 26 қаңтар Іс № 3115-26-00-2/3257 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Г.К. Ажакаева,

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен талап қою бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР: «Амина» деп аталатын дара кәсіпкер Әлденова Ақбота Жасұланқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4 бабын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Амина» деп аталатын дара кәсіпкер Әлденова Ақбота Жасұланқызына мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Амина» деп аталатын дара кәсіпкер Әлденова Ақбота Жасұланқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Амина» деп аталатын дара кәсіпкер Әлденова Ақбота Жасұланқызынан мемлекет пайдасына 2 162 (екі мың жүз алпыс екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ажакаева Г.К.**

Шешім 2026 жылғы 26 қаңтарда дайындалған.

Судья Ажакаева Г.К.

Құжатқа қол қойылған: Ажакаева Г. К., 26.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 05.03.2026, судья Ажакаева Г. К., 05.03.2026

3115-25-3-1/3534